


№39 «Қызылөзек» орта мектебі

**«Ақиқат Жаршысы» дебат клубы  
жұмысының құжаттары**



2022 – 2023 оқу жылы

Қызылорда қаласы, Қараөзек ауылы

**«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
«№ 39 «ҚЫЗЫЛӨЗЕК» ОРТА МЕКТЕБІ» КММ**

**Б Ұ Й Р Ы Қ № 186**

Қызылорда қаласы

« 31 » 08 2023 жыл

**«Ақиқат Жаршысы»**

**атты дебат клубын құру туралы**

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. №39 «Қызылөзек» орта мектеп білім алушыларының зияткерлік қабілеттерін, әр тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын дамыту мақсатында «Ақиқат Жаршысы» атты дебат клубы құрылсын;
2. 6-8 сынып оқушылары арасында мектепте дебат клубы құрамы бекітілсін;
3. Дебат клубының жылдық жоспары жасалынып, бекітілсін;
4. Жоспарға сәйкес іс-шаралар уақытында өткізілсін;
5. «Ақиқат жаршысы» атты дебат ережеге сәйкес жұмысын жүргізу мектеп мұғалімі Ф.Тусипбаеваға жүктелсін;
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоқыбасовқа тапсырылсын;

Мектеп директоры  **Ж.Байжанов**







Астана қаласы, «Министрліктер Үйі» 010000, город Астана, «Дом министерств»

телефон: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

телефон: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

№ \_\_\_\_\_

Облыстардың, Нұр-Сұлтан,  
Алматы және Шымкент  
қалаларының білім басқармалары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі -  
Министрлік) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды  
дамыудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын орындау  
мақсатында «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың мәдени-білім беру жалпыұлттық  
дебаттық қозғалысының жобасын (бұдан әрі - Дебаттық қозғалыс) іске  
асырады.

Дебаттық қозғалыстың мақсаты: білім алушылардың шешендік сөз өнері  
дағдыларын және сендіру әдістерін, позитивті, сыни тұрғыдан ойлау  
дағдыларын қалыптастыру, өзекті мәселелерді көпшілік алдында талқылау  
мәдениетін, құрылымдық сұхбат пен пікірталасты жүргізу мәдениетін дамыту.

Дебаттық қозғалысты жандандыру мақсатында:

- 1) орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында  
дебаттық клубтарды құруды;
- 2) дебаттық клубтардың жұмысында «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың  
мәдени-білім беру жалпыұлттық дебаттық қозғалысы» жобасын іске асыру  
бойынша ұсынымдарды (қоса беріледі) пайдалануды;
- 3) дебаттық қозғалыс туралы ақпаратты Министрліктің Мектепке дейінгі  
және орта білім беру комитетіне жылына 2 рет: 1 шілдеге және 18 қарашаға  
береміз.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда жұмыс жасап жатқан дебаттық клубтардың  
саны мен қызметі туралы ақпаратты 2020 жылғы 28 ақпанға дейін жолдау  
қажеттігін мәлімдейміз.

Қосымша: 8 бет.

Вице-министр  
Каринова

III.





БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

13.05.2020 ж.т.

№ 38-КБ/1

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

«Ұшқыр ой алаңы» дебаттық  
клубтарын құру туралы

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың  
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы «Ұшқыр ой  
алаңы» оқушылардың мәдени-білім беру жалпыұлттық дебаттық қозғалысын іске  
асыру мақсатында БҮЙЫРАМЫН:

1. Барлық орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру  
ұйымдарында 2020 жылғы 15 сәуірге дейін 1-6 қосымшаларға сәйкес «Ұшқыр ой  
алаңы» дебаттық клубтары құрылсын;

2. Дебаттық қозғалысты ақпараттық-ресурстық қамтамасыз етуді,  
мектептегі пікірталас қозғалысының даму перспективаларын ескере отырып  
жүзеге асырсын;

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды және қадағалауды өзіме  
қалдырамын.

Негіздеме: ҚР Білім және ғылым министрлігінің 07.02.2020 жылғы  
№ 5-11-5/384-И хаты

Басқарма басшысының  
міндетін атқарушы



Б. Бердаулетов

092185



Бұйрық № 5/н/к  
11 сәуір 2020 жыл

«Үшқыр ой алаңы» дебаттық  
клубтарын құру туралы

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы «Үшқыр ой алаңы» оқушылардың мәдени-білім беру жалпыұлттық дебаттық қозғалысын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Барлық білім беру ұйымдарында 2020 жылғы 15 сәуірге дейін 1-6 кәсіпшіліктерге сәйкес «Үшқыр ой алаңы» дебаттық клубтары құрылсын.
  2. Дебаттық қозғалысты ақпараттық-ресурстық қамтамасыз етуді, мектептегі пікірталас қозғалысын дамытуды ескере отырып жүзеге асырылсын.
  3. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.
- Негіздеме: Қызылорда облысы білім басқармасының 13.03.2020 жылғы №38-нқ/1 хаты

Бөлім басшысы



Д. Баймурзаева



**«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
«№ 39 «ҚЫЗЫЛӨЗЕК» ОРТА МЕКТЕБІ» КММ**

**Б Ұ Й Р Ы Қ №244**

Қызылорда қаласы

«\_03\_» \_\_.11\_\_ 2022 жыл

**«Ақиқат Жаршысы»**

**атты дебат клубын құру туралы**

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.№39 «Қызылөзек»орта мектеп білім алушыларының зияткерлік қабілеттерін,әр тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын дамыту мақсатында «Ақиқат Жаршысы» атты дебат клубы құрылсын;

2.6-8 сынып оқушылары арасында мектепте дебат клубы құрамы бекітілсін;

3.Дебат клубының жылдық жоспары жасалынып,бекітілсін;

4.Жоспарға сәйкес іс-шаралар уақытында өткізілсін;

5.«Ақиқат жаршысы» атты дебат ережеге сәйкес жұмысын жүргізу мектеп дефектологы Ф.Тусипбаеваға жүктелсін;

6.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоқыбасовқа тапсырылсын;

**Мектеп директоры**

**Ж.Байжанов**





**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА  
ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
«№39 «ҚЫЗЫЛӨЗЕК» ОРТА МЕКТЕБІ » КММ**

**Б Ұ Й Р Ы Қ №193**

Қызылорда қаласы

« 02 »\_09\_2022 жылы

**«Ақиқат Жаршысы»  
атты дебат клубын құру туралы**

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

- 1.№39 «Қызылөзек»орта мектеп білім алушыларының зияткерлік қабілеттерін,әр тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын дамыту мақсатында «Ақиқат Жаршысы» атты дебат клубы құрылсын;
- 2.8-10 сынып оқушылары арасында мектепте дебат клубы құрамы бекітілсін;
- 3.Дебат клубының жылдық жоспары жасалынып,бекітілсін;
- 4.Жоспарға сәйкес іс-шаралар уақытында өткізілсін;
- 5.«Ақиқат жаршысы» атты дебат ережеге сәйкес жұмысын жүргізу тарих пәні мұғалімі Д.Ахметқалиевке жүктелсін;
- 6.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоқыбасовқа тапсырылсын;

Мектеп директоры



*Ж.Байжанов*  
**Ж.Байжанов**



**№ 39 Қызылөзек орта мектебіндегі «Ақиқат жаршы» дебат клубының жұмыс жоспары**

| <b>№</b> | <b>Іс-шараның атауы</b>  | <b>Өтетін уақыты</b> | <b>Аяқталу нысаны</b>                     | <b>Жауапты</b> |
|----------|--|----------------------|---|----------------|
| 1        | 2023-2024 оқу жылының жоспарын құрып, клуб құрамын бекіту.   | Қыркүйек             | Жоспар бекіту                             | Ф.Тусипбаева   |
| 2        | <b>«Пікірсайыс қағидаттары. Тарихы мен форматтар жүйесі»</b> деген тақырыпта клубішілік семинар-тренинг өткізу.  | Қыркүйек             | Ойын ережесімен таныстыру                 | Ф.Тусипбаева   |
| 3        | Жаңадан клуб қатарына қабылданған оқушыларға арналған <b>«Көзқарас: жаңа достық, жаңа мүмкіндіктер, жарқын болашақ»</b> атты алғашқы пікірсайыс ойындарын өткізу.<br><b>Форматы: АПФ</b> | Қазан                | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Ф.Тусипбаева   |
| 4        | <b>« Ш.Құдайбердіұлының» туғанына 165 жыл толуына</b> орай мұғалімдер арасында мектепішілік дебат өткізу.<br><b>Форматы: АПФ</b>   | Қазан                | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Ф.Тусипбаева   |
| 5        | <b>«Адамның басты құндылықтар»</b> тақырыбында 8-11 сынып оқушылары арасында мектепішілік дебат өткізу.<br><b>Форматы: БПФ</b>   | Қараша               | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Ф.Тусипбаева   |
| 6        | <b>«Білімді ұрпақ-келешек кепілі»</b> тақырыбында 9-11 сынып оқушылары арасында мектепішілік дебат өткізу.<br><b>Форматы: АПФ</b>  | Желтоқсан            | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Ф.Тусипбаева   |
| 7        | 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні қарсаңында мұғалімдер арасында мектепішілік дебат өткізу.<br><b>Форматы: БПФ</b>   | Желтоқсан            | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Ф.Тусипбаева   |
| 8        | <b>«XXI ғасыр техника ғасыры»</b> тақырыбында 9-11 сынып оқушылары арасында мектепішілік дебат өткізу.   | Қантар               | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Ф.Тусипбаева   |



|    |  |        |   |              |
|----|--|--------|---|--------------|
|    | <b>Форматы: АПФ</b>  |        |   |              |
| 9  | «Сен патриотсың ба?» тақырыбында 5-7 сынып оқушылары арасында мектепішілік дебат өткізу.<br><b>Форматы: БПФ</b>  | Ақпан  | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Ф.Тусипбаева |
| 10 | 9-11 сынып оқушылары арасында « <b>Жыл пікірсайысшысы</b> » байқауын өткізу.<br><b>Форматы: БПФ</b>  | Наурыз | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Ф.Тусипбаева |
| 11 | « <b>М.Жұмабаевтың туғанына 130 жыл</b> толуына орай мұғалімдер арасында мектепішілік дебат өткізу.<br><b>Форматы: АПФ</b>                             | Наурыз | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Ф.Тусипбаева |
| 12 | 1 сәуір Күлкі күніне орай « <b>Күлкілі күлкі</b> » атты фандебат ойынын өткізу.  | Сәуір  | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Ф.Тусипбаева |
| 13 | 7 мамыр Отан қорғаушылар мерекесіне орай 9-11 сынып ер балалары арасында « <b>Ерлік кубогі</b> » пікірсайыс ойынын ұйымдастыру.<br><b>Форматы: БПФ</b> | Мамыр  | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Ф.Тусипбаева |
| 14 | «Пікірталаспен мәңгілікке» атты 2023-2024 оқу жылын қорытындылау кеші.   | Мамыр  | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Ф.Тусипбаева |

Ақиқат жаршысы дебат клубының жетекшісі :

*Ф.Тусипбаева*

Ф.Тусипбаева



**«Оқушылар мен студент жастардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының тұжырымдамасы**

*«Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің бірінші кезектегі міндеті – бұл сыни ойлауға ие және ақпараттық ағындарда бағдарлануға қабілетті адамдарды дайындау»*

*(ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев)*

Құқықтық демократиялық мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы диалогсыз және азаматтардың қоғам өміріне белсенді қатысуынсыз мүмкін емес. Мәдени әлемнің маңызды бөлігі – өз көзқарасыңызды сенімді түрде дәлелдеу және білімді түрде дауласу.

Елдің стратегиялық дамуы көбінесе жастардың тиімді әлеуетінсіз мүмкін емес әлеуметтік-экономикалық дамудағы адами капиталдың рөлімен анықталады.

Осыған байланысты, өскелең ұрпақтың азаматтылығын қалыптастырудың өзектілігі бірінші орынға шығады, тұлғаны қалыптастыру бойынша тәрбие қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Республиканың болашағы көбінесе жас қазақстандықтарға және олардың таңдауына байланысты. Ел өміріне белсенді қатысу арқылы барлық оқиғаларға үн қата отырып, пайдалы бастамалардың бастамашысы бола отырып, жастар өздерінің азаматтық ұстанымдарын айқындай алады, өз елінің болашағын құрудың бірыңғай ұмтылысында біріге алады.

Құқықтық демократиялық мемлекеттің дамуы диалогсыз және азаматтардың қоғам өміріне белсенді қатысуынсыз мүмкін емес.

Өскелең ұрпақтың азаматтылығын қалыптастырудың өзектілігі бірінші орынға шығады, тұлғаны қалыптастыру бойынша тәрбие қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Оқушылар мен студенттердің дебаттық қозғалысы балалар мен жастарды әлеуметтендірудің маңызды институттарының бірі болып табылады. Бұл білім алушыларды дебатқа қатысуға жаппай тартуға бағытталған педагогикалық технологиялардың бірі.

Дебат - бұл нақты құрылымдалған және арнайы ұйымдастырылған қоғамдық пікір алмасу, өзекті тақырыптар бойынша пайымдаулар, ой-пікірлер;

- бұл жарқын, ойын-сауық зияткерлік ойын, танымал қызмет түрі, белсенді жастардың – қоғамның болашақ көшбасшыларының келешегі;

- бұл білім алушылардың бойында сыни ойлауды, төзімділікті, шешендік (өнерді) шеберлікті, әртүрлі көзқарастарға құрметпен қарауды, серіктестік қарым-қатынасты, командада жұмыс істей білуді, мәселелердің мәніне зейін қоюды және идеяларды қорғау қабілетін қалыптастырудың қуатты зияткерлік құралы.



Дебат қозғалысының жалпы стратегиясы, мақсаты мен міндеттері бар, ол мектеп оқушыларын еліміздің әр өңірінде дебаттық орталықтар, клубтар құру арқылы дебаттық қозғалысқа жаппай тартуға бағытталған.

Дебаттық қозғалыстың мақсаты: қоғамда орын алатын мәселелерді жариялы талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

Дебаттық қозғалыстың міндеттері:

білім алушылардың бойында құқықтық мәдениетті, азаматтық белсенділікті, жауапкершілікті, шығармашылық және сыни ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілеттерін қалыптастыру;

дебаттық қозғалысты насихаттау, қолдау және дамыту;

білім алушыларды дебаттық қозғалысқа жаппай тарту, мәдени-демалыс және ағарту қызметінің инновациялық модельдері мен технологияларын пайдалана отырып, еліміздің әрбір өңірінде, білім беру ұйымдарында дебаттық орталықтар, клубтар құру;

дебаттық қозғалысты ресурстық қамтамасыз ету – кадрлық әлеует, материалдық-техникалық база, қаржыландыру.

Дебаттық қозғалысқа қатысушылар ашықтық, жүйелілік, еріктілік, ізгілендіру, қолжетімділік, адалдық және әріптестерді құрметтеу қағидаттарын басшылыққа алады.

«Оқушылар мен студент жастардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының ережесі «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 35-тармағына сәйкес және халықаралық тәжірибені ескере отырып әзірленді.

Әлемдік тәжірибеде жастардың Дебаттық қозғалысы бірегей әлеуметтік құбылыс болып табылады. Бүгінгі таңда халықаралық дебаттар білім беру қауымдастығы (IDEA) 50 елде 60-тан астам тілде дебат өткізеді.

IDEA-ның негізгі міндеті – оқушылар мен педагогтерге өздері тұратын қоғамның өмірі мен дамуына әсер ететін мәселелерді талқылауға мүмкіндік беру; қоғамның барлық топтарының өкілдерін қатысуға ынталандыратын Дебаттық клубтардың кең желісін құру.

Англия, Франция, Германия, Австрия және басқа елдердің оқу орындарында оқушылардың ашық қоғамда белсенді азамат болуға ынтасын арттыру мақсатында «Дебаттар» бағдарламалары құрылды. Францияда және басқа да еуропа елдерінде балалар мен жастар арасындағы дебаттар кеңінен қолданылады және бюджеттік, сонымен қатар бюджеттен тыс қаражатпен жомарт түрде субсидияланады.

Эстония, Латвия, Литва, Польша, Ресей, Чехия, Украина, Словения, Словакия, Венгрияда оқушылар үшін неміс тілінде халықаралық дебаттар өткізіледі.



Кореяда, Жапонияда, Еуропа елдерінде үкіметтік емес (коммерциялық емес) ұйымдар судьяларды, жаттықтырушыларды оқытуды үйлестіреді және Турнирлер өткізеді.

Барлық елдерде дебат жыл сайынғы цикл бойынша дамиды. Педагогтер тобы оқытудан өтеді. Бұл педагогтер өз мектептерінде дебаттардың пайда болуына және басқа мектептердегі мұғалімдерді оқытуға жауап береді. Мектеп дебаттарына қатысушылар өз қызметін судья немесе тренер ретінде жалғастырады немесе дебаттық клубтарын құрады. Дебаттарды ілгерілететін, оқыту мен жарыстарды үйлестіретін үкіметтік емес (коммерциялық емес) ұйымдар құрылуда.

Оқушылар арасында дебат өткізудің танымал форматтарының бірі 1994 жылы «Ашық қоғам» институты әзірлеген философ Карл Поппердің идеялары негізінде дебаттар болды. Сондай-ақ, дебаттардың жаңа форматтары пайда болды:

Дүниежүзілік мектеп форматы (WSDC).

Американдық парламенттік формат (АПФ).

Британдық парламенттік формат (БПФ).

Қазіргі уақытта білім алушылар арасында Американдық және Британдық парламенттік форматтағы дебаттар кеңінен таралған.

Қазақстанда дебаттық қозғалысты алғаш рет Сорос-Қазақстан қоры 1996-2004 жылдары «Дебаттар» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы дамыта бастады. 1996 жылы тренерлерге арналған алғашқы тренингтер өткізілді, кейін олар мектеп оқушылары арасында дебаттар өткізді. Тренерлер оқушылар арасында дебаттар өткізді. Тренингтер Қазақстан бойынша дебаттар желісін кеңейтуге көмектесті.

Әр облыста жауапты үйлестіруші дебатты ілгерілетумен айналысты. Дебаттық қозғалысты білім, ішкі саясат басқармалары қолдады. Дебаттық қозғалысты Ұлттық дебат орталығы үйлестірді. Дебатқа 7-сыныптан бастап 10 мыңнан астам оқушы қатысты. Алдымен дебаттар орыс тілінде, ал қазақ тіліндегі дебаттар 1998 жылдан бастап өткізіле бастады.

Бұл қозғалыстың дамуына басқа қалалардан келген студенттер арасында дебат клубтары мен турнирлер туралы ақпарат тарата отырып, Алматы қаласының жоғары оқу орындарының студенттері үлкен үлес қосты. «Хабар» телеарнасы «Болашақ қаласы» арнайы бағдарламасында уақыт берді, кейін қазақ тілінде «Азамат» бағдарламасы пайда болды.

2004 жылы Сорос-Қазақстан Қорының «Дебат» бағдарламасы аяқталды. Бағдарламаны қаржыландырудың болмауы Дебаттық қозғалыстың жабылуына әкелді.

15 жылдан кейін республикада оқушылардың дебаттық қозғалысы қайта жанданды.

2019 жылғы ақпанда 119 адамның (өңірлік деңгейде – 30 мың адам) қатысуымен оқушылардың Республикалық дебаттық турнир өткізілді.

2020 жылғы ақпанда Республикалық дебаттық турнирге 119 адам қатысты (өңірлік кезеңде – 35 мыңға жуық адам).



Қазіргі уақытта Қазақстанда 3 094 дебаттық клубтар бар, оның ішінде: 2 391 – мектептерде, 589 – колледждерде, 114 – ЖОО-да.

Республиканың 1 883 мектебінде 35 510 оқушыны қамтитын 2 391 дебат клубы жұмыс істейді, оның ішінде қазақ тілінде – 1692 клуб, онда – 27 254 бала, орыс тілінде – 675 клуб, онда – 7 959 бала, ағылшын тілінде – 24, онда 297 бала қамтылған. 35 510 дебат клубы мүшелерінің 1103 клубта 6-8 сынып білім алушыларының – 15 233, 1 288 клубта 9-11 сынып білім алушыларының 20 277 бала қамтылған.

Қазақстанның жекелеген өңірлерінде мектептік және студенттік дебаттарды өткізу тәжірибесі ерекше назар аударуға тұрарлық. Атырау, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Түркістан және басқа да облыстарда дебаттарға қатысу арқылы оқушылар мен студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қандай да бір дәрежеде қалыптастыруға мүмкіндік беретін белгілі бір тәсілдер мен бағыттар қалыптасты.

«Оқушылар мен студент жастардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы білім беруді басқару органдары, жастар және қоғамдық ұйымдар арасындағы, орталықтағы және жергілікті жерлердегі мемлекеттік органдар арасындағы құзыреттердің ара жігін ажырату қағидаттарында дебат қозғалысы жүйесін басқаруды жетілдіру тәсілдерін көздейді.

Дебат қозғалысын үйлестіруші: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі.

Дебат қозғалысының ұйымдастырушылары: облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары.

Дебаттық қозғалысқа қатысушылар: орта, қосымша, кәсіптік және техникалық, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушылары мен педагогтері, республиканың спортшыл, шығармашыл, ғалым жастарының өкілдері, еңбек сіңірген адамдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, мемлекеттік басқару органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың, халықаралық қоғамдастықтың және т.б. өкілдері.

Жобаны іске асыру:

Дебаттық қозғалысқа білім алушылардың барынша мүмкін болар көп санын анықтау және тарту;

өскелең ұрпақ арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының базалық қағидаларын насихаттау;

білім алушылардың отандық тарихқа, өлкетануға, мәдениетке қызығушылығын дамыту, ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі дағдыларын қалыптастыру;

қазақстандық оқушыларды қазіргі заманғы қоғам мен мемлекет өміріне табысты әлеуметтік бейімдеу және ықпалдастыру жүйесін құру.

Дебат қозғалысына жоспарлы перспективалық сипат беру:

адами капиталдың сапасын, әлеуметтік ұтқырлықты, адамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру;



балалар мен жастардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

білім алушылардың өзін-өзі жүзеге асыруы және белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру;

өскелең ұрпақтың жалпы мәдени деңгейін, толеранттылығын және коммуникативтік құзыреттілігін арттыру;

бейресми білім беру жүйесі ұсынатын өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктері есебінен жас ұрпақтың өз өмірінің сапасына қанағаттануын арттыру;

еліміздің барлық өңірлерінде дебаттық клубтар ашу.

Дебаттық қозғалыс қазақстандық білім алушылардың жоғары адамгершілік-рухани, көпмәдениетті жалпыадамзаттық құндылықтар мен патриотизм негізінде қазіргі заманғы қоғам мен мемлекет өміріне табысты әлеуметтік бейімделуін және интеграциялануын, олардың азаматтық қалыптасуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында Дебаттық қозғалысты ұйымдастыру сапасын жетілдіру бойынша іс-қимылдардың мақсаттылығы, тұтастығы мен жүйелілігі, Қазақстан оқушыларының жеке, әлеуметтік, құқықтық құзыреттерін, азаматтық белсенділігі мен саяси сауаттылығын дамытуға бағытталған өңірлік және республикалық ұйымдастырушылық-практикалық іс-шаралар кешені «Болашақ Қазақстандықтың» нақты бейнесін қалыптастыруға оң ықпал етеді.

## **Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында республикалық дебат турнирін өткізу ережелері**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында республикалық дебат турнирін (бұдан әрі – Турнир) өткізу ережелері Турнирдің мақсатын, міндеттерін, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. Ережеде қолданылатын ұғымдар:

1) бэллет – ойын қорытындылары жазылған төреші парағы;

2) кейс – шешімді талап ететін нақты фактілерге негізделген мәселелік жағдайдың сипаттамасы;

3) ребатл – қарсыластың сөздерін теріске шығару, қарсы аргументтер мен фактілер келтіру;

4) резолюция – дебаттағы пікірталас мәселелерінің негізгі тақырыптары;

5) тайм-кипер – бұл спикерлердің сөз сөйлеу уақытын белгілей отырып, ойын ережесінің сақталуын қадағалайтын адам;

6) флоушит – ойын барысында ойыншылардың ақпаратын толтыратын төреші парағы.



3. Турнирдің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық ұстанымды, өзінің және қоғам алдында өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыру, елде байқалатын өзекті жағдайларды талдау және жариялы талқылау арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілетін дамыту.

4. Турнирдің міндеттері:

1) жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында академиялық білім деңгейін көтеру, шешендік сөйлеу өнері дағдыларын және сендіру әдістерін қалыптастыру, зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, зерттеу, ұйымдастыру дағдыларын, коммуникативтік біліктерін дамыту;

2) қазақстандық қоғамда орын алған өзекті мәселелі жағдайларды талдау мен көпшілік алдында талқылау арқылы білім алушылардың позитивті, сыни ойлауын, жүйелі талдау дағдыларын, өз көзқарастарын, нақты мәселелерді шешу жолдары мен тетіктерін табу, дәлелдеме жасау өнерін қалыптастыру, парламенттік мәдениет элементтерін дамыту;

3) білім алушылардың демократиялық қоғамдағы азаматтық көзқарастары мен өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу, туған өлкенің, елдің мәселелерін талқылау және шешудегі жауапкершілік, қатысушылық сезімін қалыптастыру;

4) педагогтерді балалар мен жастарды өзекті қоғамдық саяси тақырыптарды талқылауға тарту, азаматтық көзқарастарын дамыту және конструктивті диалог пен пікірталасты жүргізу мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын жандандыру;

5) оқушылар мен студенттер арасында интеллектуалды жарыстар мен конструктивті пікірталастарды насихаттау, дебаттық клубтар мен педагогтер арасында тәжірибе алмасуға ықпал ету.

5. Турнир *күндізгі және қашықтық форматтарында* өткізіледі.

6. Турнир ұйымдастырушылары турнирдің ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

## **2-тарау. Турнир кезеңдерін өткізу уақыты мен орны**

7. **Мектеп оқушыларының дебаттық турнирі** екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

мектепшілік Турнир (жылына 4 реттен кем емес): желтоқсан;

аудандық (қалалық) Турнир (турнирлер санын жергілікті ұйымдастыру комитеті анықтайды): қаңтар;

турнирдің облыстық кезеңі (турнирлер санын облыстық ұйымдастыру комитеті анықтайды): ақпан;

2) екінші кезең – Республикалық Турнир: наурыз – сәуір.

8. **Колледж студенттерінің дебаттық турнирі** екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) - Өңірлік:



колледж ішілік Турнир (жылына 4 реттен кем емес) желтоқсан;  
колледж студенттері Турнирінің облыстық кезеңі (турнирлер санын жергілікті ұйымдастыру комитеті анықтайды) – қаңтар-ақпан;

2) екінші кезең – республикалық Турнир - наурыз – сәуір.

9. Жоғары оқу орындары студенттерінің дебаттық турнирі екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

ЖОО ішіндегі Турнир (жылына бір реттен кем емес): қараша;

облыстағы, Нұр-сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы жоғары оқу орындарының студенттік командалары арасындағы Турнир (турнирлер санын жергілікті ұйымдастыру комитеті анықтайды): қаңтар – ақпан;

2) екінші кезең – республикалық Турнир: наурыз – сәуір.

10. Мектеп оқушылары мен колледж студенттері Турнирінің өңірлік (іріктеу) кезеңдерін өткізу уақыты мен орны аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің және облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының бұйрығымен реттеледі.

ЖОО студенттерінің дебаттық турнирінің іріктеу кезеңін өткізу ЖОО ректорының бұйрығымен реттеледі.

11. Турнирдің өңірлік кезеңдері карантин кезінде санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекциялау, кварцтау, желдету режимін сақтай отырып, адамдардың жаппай жиналуына жол бермей жүргізіледі.

### 3-тарау. Турнирге қатысушылар

12. Мектепшілік Турнирлердің қорытындысы бойынша жоғары балл жинаған командалар аудандық (қалалық) турнирлерге қатысады. Облыстық турнирлерге аудандық (қалалық) турнирлердің жеңімпаздары қатысады.

Мектеп оқушыларының республикалық Турниріне (күндізгі формат) облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары Турнир кезеңдерінің жеңімпаздары – жалпы орта білім беру ұйымдары 6-11 сыныптарының білім алушылары қатысады.

13. Колледжішілік Турнирлердің қорытындысы бойынша жоғары балл жинаған командалар колледж студенттері арасындағы облыстық турнирге қатысады. Облыстық турнирдің жеңімпаздары колледж студенттері арасындағы Республикалық турнирге қатысады.

14. Облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жоғары оқу орындары студенттері арасындағы іріктеу турнирлерінде ең көп балл жинаған командалар Республикалық турнирге қатысады.

15. Турнирге қатысу үшін жоғары оқу орындары ректорларының / облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармалары басшыларының



қолы қойылған өтінімдер 1-қосымшаға сәйкес Турнир ұйымдастырушыларына жіберіледі.

Өтінімге мыналар қоса тіркеледі:

1) қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, курсы, оқу орны және білім беру ұйымының мекен-жайы, телефоны, топ жетекшісінің және медициналық қызметкердің Т.А.Ж., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефондары);

2) қатысушылардың, топ жетекшісінің және медицина қызметкерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

16. Топ жетекшісінің өзімен бірге келесі құжаттардың көшірмесі болуы тиіс:

1) білім алушылардың және команда жаттықтырушысының Турнирдің облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы кезеңдерінің өткізу қорытындысы бойынша Республикалық турнирге қатысу үшін жолданғаны туралы жоғары оқу орны ректорының / білім басқармасы басшысының бұйрығы;

2) қатысушылардың және топ жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттары;

3) қатысушылардың тізімі;

4) дәрігердің қолы және мөрімен расталған қатысушының денсаулық жағдайы туралы анықтамасы;

5) жоғары оқу орнынан студенттік аты-жөні (Т.А.Ә.) және фотосурет көрсетілген анықтама.

17. Турнирді өткізу орнына дейін жету жолында, іс-шараны өткізу барысында және тұрғылықты жерге қайту жолында қатысушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі үшін жауапкершілік топ жетекшісіне жүктеледі.

**18. Республикалық оқушылар турниріне қатысушылар саны:** барлығы **272** адам, әр өңірден келген команда - 16 қатысушыдан: оның ішінде 14 оқушы + 1 команда жаттықтырушысы және 1 медицина қызметкері.

6-7 сынып білім алушылары – барлығы 4 адам: қазақ тілді команда – 2 адам; орыс тілді – 2 адам.

8-9 сынып білім алушылары – барлығы 4 адам: қазақ тілді команда – 2 адам; орыс тілді – 2 адам.

10-11 сынып білім алушылары – барлығы 6 адам: қазақ тілді команда – 2 адам; орыс тілді – 2 адам; ағылшын тілі – 2 адам.

**19. Колледж студенттерінің Республикалық турниріне қатысушылар саны:** барлығы **119** адам, әр өңірден келген команда – 7 қатысушыдан: оның ішінде 1 команда жаттықтырушысы + 6 оқушы: қазақ тілді команда – 2 адам; орыс тілді – 2 адам; ағылшын тілді – 2 адам.

**20. Жоғары оқу орындары студенттерінің Республикалық турнирге қатысушылар саны:** барлығы **102** адам, облыстан, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларынан келген командада - барлығы 6 қатысушы: қазақ тілді команда – 2 адам; орыс тілді – 2 адам; ағылшын тілді – 2 адам.



#### 4-тарау. Турнирді өткізу тәртібі

21. Турнирдің өңірлік кезеңдерін өткізу бойынша ұйымдастыру комитеттері Турнирді өткізу шарты мен тәртібін өз бетінше анықтайды.

22. Турнирдің барлық кезеңдері американдық парламенттік формат (АПФ) бойынша өткізіледі (2-қосымша).

23. Турнир екі айналымда өткізіледі. Бірінші айналым – іріктеу раундтары. Екінші айналым – негізгі ойындар: ширек финал, жартылай финал және финал.

Бірінші күні іріктеу ойындары 4 раундтан тұрады. Әр раундқа бір қарар беріледі. Іріктеу ойындарында қарсылас командалар жеребе бойынша іріктеледі. Сол командалар іріктеу кезеңінде бір рет кездеседі.

Іріктеу ойындарының төртінші раунды аяқталғаннан кейін негізгі ойындарға дайындық жүргізіледі. Ол үшін әр команданың төрт раундтағы нәтижелері жазылады, ұпайлардың жалпы саны есептеледі және пікірталасқа қатысушылардың әрқайсының дәрежелері оларды қосу арқылы анықталады. Жалпы нәтижесі жиынтық ведомосіне енгізіледі. Іріктеу ойындарының нәтижелері жарияланғаннан кейін ширек финалға шыққан командалар анықталады. Ширек финалға әр тіл тобы бойынша іріктеу кезеңінің жеңімпаздары шығады.

Ширек Финалда командаларға бір қарар беріледі. Ширек финалдың қорытындысы бойынша жартылай финалға әр тіл лигасы бойынша жеңімпаз командалар шығады. Жартылай финалдың жеңімпаздары финалда кездеседі.

24. Командалар саны тақ келген жағдайда, жеребе бойынша бір команда «демалады». Өткізілген раунд үшін демалушы команда командалық балл мен орташа спикерлік балды автоматты түрде алады.

25. Төрешілікті дебаттық клубтардың тәжірибелі дебатерлері қатарынан төрешілер алқасы жүзеге асырады. Төрешілер алқасы ойынды үзуге айрықша құқығы бар турнирдің Бас төрешісін таңдайды. Турнирдің Бас төрешісінің дебат нәтижелеріне қатысты шешімі қалған төрешілердің нәтижелерімен бірдей ескеріледі. Турнир кестесін Бас төреші жасайды.

26. Турнирдің Бас төрешісінің қарауы бойынша әр раунд үшін төрешілер алқасы үш адамнан құрылады. Ширек финалда, жартылай финалда және финалда дебатты үш - бес төреші бағалайды.

Олардың бірі бас төреші болып тағайындалады, ол Ережеге сәйкес пікірсайысқа қатысушыларды сахнаға шақырады, наразылық туралы мәлімдемелерді қарайды, спикерлерге өз орындарын алуға шақырады және бір тайм-киперді тағайындайды. Тайм-кипер дебатқа қатысушылардың сөз сөйлеуге бөлінген уақытты қалай басқаратынын қадағалайды.

27. Тайм-кипердің міндеттері:

презентациялық немесе конструктивті сөйлеудің бірінші минуты өткеннен кейін және оның аяқталуына бір минут қалғанда үстелді ұрып тоқтату, тиісінше



сөйлеушіге сұрақтар қою немесе түсініктемелер беру мүмкіндігінің пайда болуы/жоғалуы туралы сигнал беру;

сөз сөйлеушілерге олардың қанша минут өнер көрсетіп жатқанын / сөйлеуге қанша уақыт қалғанын (саусақпен немесе белгімен) көрсетеді. Бұл мәселелер туралы ойынды бастамас бұрын пікірсайысшылардың өздерімен келіскен дұрыс;

үстелді екі рет ұру арқылы сөз сөйлеуші қатысушының сөзіне бөлінген уақыт өткені туралы белгі береді;

егер қатысушы уақыт лимитінен 30 секундтан асып кетсе, төрешіге хабарлайды. Төреші оның репликаларын жазуды тоқтатады және сөйлеушіні сөзін аяқтауға және өз орнына орналасуына шақырады;

әрбір сөз сөйлеу аяқталғаннан кейін төрешілерге жаңа ғана сөз сөйлеген пікірсайысшылардың сөзіне бөлінген уақыт лимитінен қаншалықты минут асып кеткенін/толық пайдаланылмағанын хабарлайды.

Төрешілер алқасының бір өкілі телефон камерасына бейнетүсірілім жүргізеді. Турнир қашықтық форматында өткізілсе, бейнежазба жүргізіледі.

28. Бас төреші раунд 15 минуттан кейін басталатынын хабарлайды. Барлығы тақтаға қарап отырады. Экранда раундтың қарары көрсетіледі. Хабарландырудан кейін ойыншылар қарарды түсініп, істі ойластырып, жақсы дәлелдер дайындауы керек, басқа командалар не айтатынын болжап, бәрін біртұтас етіп біріктіруі керек.

29. Ойыншылар үшін ақпараттың жалғыз көзі – серіктесі және өздерімен бірге әкелген кез-келген жазбаша материалдар. Ойын барысында интернеттен ақпарат іздеуге және жалпы электронды құрылғыларды пайдалануға рұқсат берілмейді.

30. Турнир кезінде әр төреші балл мен түсініктемелерді бағалау парағына (ballet) енгізеді (*3-қосымша*). Төреші раундтың жалғыз және өкілетті төрешісі және оның шешімі түпкілікті болып табылады.

Егер турнирде төрешілер алқасы 3 төрешіден құралса, бұл жағдайда олар өз шешімдерін 15 минут ішінде бір-бірімен талқылайды, ал төрешілердің көпшілігі дауыс берген командаға жеңіс беріледі.

Пікірсайыстар аяқталғаннан кейін төреші алқалары пікірсайыстарға жалпы баға беруге, қабылданған шешімді түсіндіруге және жақсарту қажет болатын сәттерді көрсетуге міндетті.

31. Төрешілік өлшемдері:

- 1) өзектілігі;
- 2) дәлелденуі;
- 3) маңыздылығы;
- 4) шынайылығы.

32. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер командалық және спикерлердің жеке сынақтарында анықталады. Жеке раундта жеңіс үшін команда 1 ұпай, жеңіліс үшін – 0 ұпай алады.

Спикерлік сөз сөйлеулер 1-ден 30-ға дейін балдық жүйемен бағаланады.

Балл саны бойынша әр жас санатында тіл тобында Турнирдің үздік спикерлері анықталады.



33. Турнирдің қашықтық форматы ZOOM платформасында Бас төреші жеребе тастау арқылы командалардың сөз сөйлеу тәртібін, турнирді өткізу регламентін, сессия залдарының санын айқындайды, командалар мен қазылар алқасы мүшелерін сессия залдары (шағын конференциялар) бойынша бөледі, қарарды раунд басталғанға дейін 15 минут бұрын жариялайды.

34. Турнир ұйымдастырушылары мен Бас төреші сессия залдарында ойын барысын бақылайды. Әр тур аяқталғаннан кейін Бас төреші командаларды келесі турға бөледі, қарарларды жариялайды және қатысушыларды бір сессия залынан екіншісіне ауыстырады.

35. Төрешілердің шешімі жарияланғаннан кейін командалар келесі ойындарда ескерілетін кері байланыс қалдыра алады.

## **5-тарау. Қатысушыларды марапаттау**

36. Турнирдің қорытындысы бойынша әділ қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар Гран-при, I, II, III дәрежедегі дипломдармен және сыйлықтармен, ал жеңімпаздардың команда жаттықтырушылары алғыс хаттармен марапатталады. Турнирдің барлық қатысушыларына сертификаттар беріледі.

Турнирде үздік қатысушылар үш тілдік топта қосымша «Үздік спикер», «Үздік оратор», «Дебаттық креатив», «Ең сенімді ойыншы», «Ең білімді ойыншы», «Ең тапқыр ойыншы», «Ең мақсатты ойыншы» номинациялар бойынша дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады.

37. Турнирдің қашықтық форматында сыйлық жеңімпазға өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша Қазпочта арқылы табыс етілгені туралы хабарламамен жіберіледі. Сыйлықты алғаны туралы қабылдау – тапсыру актісі сыйлықпен бірге қоса беріледі.

Алушы сыйлықты алғаннан кейін қабылдау – тапсыру актісіне қол қойып, Т.А.Ә. және телефонын көрсетіп, сыйлықты алғаны туралы құжаттың сканерленген нұсқасын, жеңімпаздың сыйлықпен түскен фотосын ұйымдастырушының электронды поштасына жібереді.

38. Турнирдің қашықтық форматында жеңімпаздардың дипломдары, олардың команда жаттықтырушыларына алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары ұйымдастырушының сайтында сілтеме арқылы автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

## **6-тарау. Турнирді қаржыландыру**

39. Аудандық (қалалық), облыстық, Нұр-сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының турнир кезеңдерін жергілікті атқарушы органдар қаржыландырады.



40. Турнирдің республикалық кезеңі Тапсырыс берушінің қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Ережеге 1-қосымша

### Республикалық турнирге қатысу туралы өтінім

| №<br>р/с | Қатысушының аты-жөні<br>(толық) | Қатысушының туған күні | Тұратын мекен-жайы<br>(облыс, қала, ауыл, көше, үй, пәтер номері, телефоны) | Білім беру ұйымы, сыныбы, курсы | Оқыту тілі | Команда аталуы | Жаттықтырушының аты-жөні<br>(толық), байланыс телефондары |
|----------|---------------------------------|------------------------|---|---------------------------------|------------|----------------|---|
|          |                                 |                        |   |                                 |            |                |   |

Ережеге 2-қосымша

### Американдық парламенттік формат

**Америкалық парламенттік формат (АПФ)** – бұл *Парламенттік* тұрпаттағы дәйектердің, тапқырлықтың және риторикалық қасиеттердің сайысы. Әрқайсысы екі ойыншыдан тұратын екі команда – *Үкімет* пен *Оппозиция* қаралуға ұсынылған *қарарды* талқылайды. Әр раундқа жаңа *қарар* таңдап алынады. Пікірсайыс барысын Палата Спикері басқарады, сонымен бірге сайыстың төрешісі қызметін атқарады. Егер раундта бірнеше адам төрешілік етсе, онда олардың арасынан бір *Палата Спикері* таңдап алынады. Американдық парламенттік формат дәл зерттеу мен дәлелдер жинауға емес, тез сыни ойлауға, логикалық ойлауға және сараптамалық талдауға негізделген.

Қарар – дебаттардың тақырыбы. Пікірсайыстардағы пікірталас мәселелерінің негізгі тақырыптары – бұл Қазақстан Республикасының тұрақтылығы мен гүлденуі, бұл әрбір азаматтың елдің серпінді дамуына жеке қатысуы, қоғам игілігі үшін жұмыс істеуге деген ықыласы мен қабілеті, туған ел игілігі үшін балалар мен жастардың шығармашылық және ғылыми әлеуетін іске асыру, Қазақстанның дәстүрлерін сақтау және мәдени мұрасын көбейту.

**Спикер және оның сөзі:**

**Премьер-министрдің (ПМ) конструктивті сөзі - 7 минут:**

бірінші спикер пікірталастың анықтамасын (немесе моделін / механизмін) белгілейді, олар оппозиция командасына пікірталасқа қолайлы орын беру үшін тақырыптың қарапайым мағынасына жақын болуы керек;

өзінің кейсін нақты және айқын таныстырады;

кейсті бірнеше тәуелсіз дәлелдер көмегімен қолдайды.



**Оппозиция көшбасшысының конструктивті сөзі (ОК) – 8 минут.**

үкіметтің механизміне, анықтамасына, қалыптасқан жағдайына қарсы шығуы мүмкін, бірақ сіздің механизмiңiздiң, анықтамаңыздың, қалыптасқан жағдайдың шын мәнінде сәйкес келетінін анықтап түсіндіру қажет;

үкіметтің дәйектерін терістейді;

өзінің кейсін нақты және айқын таныстырады;

кейсті бірнеше тәуелсіз дәлелдер көмегімен қолдайды.

**Премьер-министр орынбасарының конструктивті сөзі (ПМО) – 8 минут:**

оппозицияға шабуыл жасайды;

үкімет кейсін нығайтады;

жаңа дәлелдер келтіре алмайды.

**Оппозиция көшбасшысы орынбасарының конструктивті сөзі (ОКО) – 8 минут:**

үкімет мүшесіне қарсы;

үкімет кейсін нығайтады;

жаңа дәлелдер келтіре алмайды.

**Парламенттен сөз сөйлеу** (әр адамға сөз сөйлеуге 1 минут, 3 көрерменнен артық емес, әр парламентарий екі позицияға дв қатысы жоқ өзінің субъективті пікірін білдіреді);

**Оппозиция Лидерінің сараптамасы (ОЛ) – 4 минут** (жаңа дәйектерге және ребатлға тыйым салынған):

пікірталастың негізгі тақырыптарын айтып шығады;

оппонентке қатысты өз кейсінің айқын артықшылығын көрсетеді;

көзқарастар қақтығысының нақты көріністерін береді (дихотомия);

қорытынды шығарады.

**Премьер-министрдің (ПМ) талдауы – 5 минут** (1 мин. ребатл, 4 мин. сараптама, жаңа дәйектерге тыйым салынған);

раундтың қорытындысын шығарады;

раундтың негізгі және сыни кезеңдерін айтады;

оппонентке қатысты өз кейсінің айқын артықшылығын көрсетеді;

көзқарастар қақтығысының нақты көріністерін береді (дихотомия);

қорытынды шығарады.

**Турнирдің қарары.** Келтірілген қарар бойынша команда міндетті түрде өзінің кейсін Американдық парламенттік форматына (АПФ) сәйкес дайындау қажет.

**Дәйектеме және сараптама.** Бұл – парламенттік дебаттың іргетасы. Тұжырымдар мен эмоцияға ғана жүгінетін топтан, тізбектелген, логикалық сараптама жүргізген топ сенімді жеңіске жетеді. Дәйектер нақты, сенімді әрі қарсыластардың құндылықтарымен қақтығысты қамтамасыз ететіндей болуы керек.

**Мазмұны.** Парламенттік дебат фактілер мен статистикаға негізделмесе де, шынайы өмірден алынған мысалдар мен дәлелдерді білу Сіздің позицияңызды



нығайту үшін әрдайым көмектеседі. Сізді сараптау міндетінен құтқаратын тірек ретінде дәлелдерді қолданудың қажеті жоқ, дегенмен олар абстрактілі дәйектемені күшейту үшін қызмет ете алады.

**Терістеу.** Белгілі бір мәселеде өз көзқарасыңызды білдіру жеткіліксіз, қарсыластардың дәйектеріне тікелей қарсы тұрғаныңызға және сәтті қарсы тұрғаныңызға көзіңізді жеткізіңіз. Тағы да, раундта автоматты түрде жеңу не жеңілу үшін ұмытылып кеткен дәйек жеткіліксіз (егер бұл ең маңызды дәйек болмаса), бірақ сіз жеңгіңіз келсе, мықты терістеудің мәні өте зор.

**Сөз құрылымы.** Төрешілер дәйектері нақты белгіленіп ұсынылған сөзді жоғары бағалайды. Дәйектеменің әр түрлі сызықтары нақты бөлініп тұруы тиіс. Мұны дәйектерге сілтеме жасау арқылы істеуге болады (не басқа да технологияларды қолдануға болады). Ребатлда раундтың ең маңызды тұстарын қысқа әрі мықты қозғап, детальдарға тым беріліп кетпегені жөн.

**Сұрақтар.** «Сұрақтарды» пайдаланған дебатер раунд бойы артықшылыққа ие болады. Өткір сұрақ қою мен оған тез әрі ұтымды жауап беру арқылы өзіңіздің суырып салма ойлау қабілетіңізді көрсетесіз, бұл қасиетті төрешілер жоғары бағалайды.

**Топпен жұмыс.** Дебатшылардан топтық жұмыс, бір-бірінің дәйектерін күшейту және раунд бойы философияны біртіндеп дамыту күтіледі. Өз әріптесіңізге карама-қайшы келмеңіз, одан да ертерек енгізілген дәйекті кеңейтіп, өз әріптесіңізге мақсатқа жетуге көмектесіңіз.

#### **Спикерлік ұпайлар.**

Раундқа берілген бағамен қатар төреші әрбір спикерге 1 ден 30 ұпайға дейін «спикерлік ұпай» береді. Өзінің атына карамастан спикерлік ұпайлар тек спикердің стилистикалық қабілетіне ғана байланысты емес. Дәлірек айтқанда, олар спикер көрсеткен дебаттың жалпы дәрежесін – дәйектеме, сараптама, терістеу стилі мен риторикасын қоса көрсетеді.



## Дебат клубының қызметін ұйымдастыру ережелері

1. Дебат клубының қызметін ұйымдастыру ережелері білім беру ұйымдарында құрылатын дебаттық клуб қызметін реттейтін жергілікті нормативтік құжат болып табылады.

2. Дебат клубы – бұл оқушылар мен студенттердің Жалпыұлттық пікірсайыс қозғалысы шеңберінде әрбір білім беру ұйымында құрылатын білім беру ұйымдары білім алушыларының шығармашылық бірлестігі.

Дебат клубының қызметі жалпы мәдени, зияткерлік, зерттеу, коммуникативтік, шешендік, азаматтық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Дебат клубының қызметіне жалпы басшылықты және бақылауды білім беру ұйымының басшысы анықтаған жауапты тұлға жүзеге асырады.

3. Дебат клубының қызметі жыл сайын қыркүйекте клубтың жалпы жиналысында қабылданатын және білім беру ұйымының басшысы бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Дебат клубы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы», «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Зандарын, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 35-тармағы және басқа да Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Қағидаларды басшылыққа алады.

5. Дебат клубының қызметі жариялылыққа, ашықтыққа, әрбір мүшесінің пікірін ескеруге, мәселелерді еркін талқылауға, ұжымдық шешімдер қабылдау қағидаттарына негізделеді.

6. Дебат клубы әкімшілікпен, педагогтермен және өңірлік дебат клубымен өзара тығыз байланыс жасайды.

7. Дебат клубы жұмысының негізгі нысаны – дебаттық турнирлер ұйымдастыру және өткізу.

8. Дебаттық турнир Америкалық парламенттік форматы (АПФ) бойынша жүргізіледі.

9. Клубтың жұмыс тілдері – қазақ, орыс және басқа тілдер.

10. Дебаттың тақырыбы тұжырымдалуы нақты, талқылау үшін перспективалы, қатысушылар мен көрермендер үшін өзекті, маңызды мәселелері қамтуы тиіс, тезисті қарапайым «жоқ» деген демеулік сөзді қосып қарма-қарсы тұжырымдама жасауға болатындай құру, командаларға сапалы аргумент ұсынуға тең мүмкіндік беру, зерттеу жұмысын ынталандыру, түрлі деңгейде талқылау мүмкіндігін беру қажет.

11. Дебат клубтары өз қызметін бүкіл оқу жылы барысында, каникулдарды қоса, іске асырады.



12. Дебат клубының мақсаты: дебаттық турнирлер мен ойындар арқылы білім алушыларды интеллектуалдық және тұлғалық дамыту.

13. Дебат клубының міндеттері:

клуб мүшелерінің сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамыту, қоғамның әлеуметтік-саяси бағдарланған азаматтарын қалыптастыру;

дін, өнер, экономика, қоғам өмірі және т.б. тұрғысынан қазіргі әлемнің түрлі мәселелерін қарастыру арқылы шешендік өнердегі қабілеттерін іске асыру;

мектептің, өңірдің, елдің ең өзекті мәселелеріне қоғамның назарын аударту;

талқыланатын мәселелер бойынша іс жүзінде іске асырылуы мүмкін ықтимал ымыралы шешімдерді шығару, клуб мүшелерінің көзқарасын қорғауға, басқаларды сендіруге және олардың қателіктерін мойындау білігін дағдыландыру;

дебаттық турнирлерге, семинарларға, тренингтік бағдарламаларға қатысу үшін спикерлер дайындау;

дебат клубтарының ойындарын дамыту және жетілдіру, жаңа форматтарды әзірлеу, апробациядан өткізу;

басқа дебат клубтарымен белсенді және конструктивті өзара әрекеттесу;

қазақстандық және халықаралық дебаттық қозғалыстарды дамыту және нығайту.

14. Дебат клубы қызметінің бағыттары:

белсенді тұлғаларды өзін-өзі тану үшін жағдай жасау;

оқыту сабақтарын ұйымдастыру;

командаларды қалыптастыру және олардың түрлі деңгейдегі турнирлерге қатысуын қамтамасыз ету;

сынып командалары арасындағы мектеп турнирлерін ұйымдастыру және өткізу;

барлық деңгейдегі тақырыптық турнирлерге қатысу;

клубтың беделді мүшелерін марапаттау;

білім алушылардың дебаттық қозғалысына қатысуы;

дебат қозғалысы шеңберінде дербес турнирлер өткізу арқылы білім беру ұйымдарының дебат клубтарымен байланыс орнату және қолдау;

дебат клубын әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау.

15. Дебат клубының құрылымы. Дебат клубының жоғарғы органы – жалпы жиналыс. Жалпы жиналыстың құзыретіне дебат ережелерін бекіту, президент (басшы) сайлау, бас төреші сайлау, мектептегі дебат клубына жаңа мүшелерді қабылдау жатады.

16. Жалпы жиналыс дебат клубының қызметіне байланысты басқа да сұрақтарды шешуге құқылы. Дебат клубы мүшелерінің жалпы жиналысы, әдетте, президент (басшы) немесе Клубтың бас төрешісі арқылы шақырылады.

17. Клуб мүшелерінің кем дегенде 50 пайызы оның отырысына қатысса, жалпы жиналыстың шешімін қабылдауға құқығы бар. Жалпы жиналыстың шешімі жиналысқа қатысқан дебаттық клуб мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен



кабылданады. Жалпы жиналыстың шешімдері дебат клубының барлық мүшелері үшін міндетті болып табылады.

18. Жалпы жиналысты өткізу тәртібі, оның ішінде дауыс беру тәртібі, жалпы жиналыстың төрағасы мен хатшысының кандидатураларын жалпы жиналыстың өзі айқындайды. Жалпы жиналыста Президент (жетекші) төрағалық етеді, ол болмаған кезде – бас төреші. Жалпы жиналыстың шешімдері жалпы жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қойған хаттамалармен ресімделеді.

19. Клуб мүшелерінің ішінен президенттің (жетекшінің) және дебат клубының бас төрешісі жалпы жиналыста бір жыл мерзімге сайланады. Президенттің және Бас төрешінің сайлауы әр жылдың мамыр айында өткізіледі.

20. Егер президент (бас төреші) өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыра алмаса немесе Клуб мүшелерінің кем дегенде 50%-ның бастамасы бойынша Төрағаны (бас төрешіні) кезектен тыс сайлау өткізіледі.

21. Президент және бас төреші лауазымына кандидатураны Клубтың кез-келген мүшесі ұсынуы мүмкін.

22. Жалпы жиналысқа қатысқан Клуб мүшелерінің қарапайым көпшілігі кандидатураны қолдаса, президент (бас төреші) сайланды деп есептеледі. Клуб мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, президенттің (басты төрешінің) кандидатурасын ұсыну үшін сайлаудың екінші айналымы өткізіледі.

23. Клуб президенті (бас төреші) Клубтың жаңа президентінің (бас төрешісінің) нақты сайланғанға дейін өз өкілеттігін сақтап қалады.

24. Дебат клубы президентінің (жетекшісінің) міндеттері:

- дебат клубының аталуы мен белгілері туралы шешім;
- жұмыс жоспарын әзірлеу, келісу және бекіту;
- дебаттық форматтарды үйрету;
- оқытудың белсенді топты және жеке түрлерін жүргізу: семинарлар, тренингтер, пікірсайыстар, рөлдік ойындар, турнирлер;
- ағымдағы қызметті жүргізу;
- клуб мүшелерін барлық деңгейдегі турнирлерге дайындау;
- дебат клубының қызметімен байланысты мәселелер бойынша педагогикалық қызметкерлердің мүшелерімен өзара әрекеттесу;
- оқу жылында кемінде 2 рет жалпы жиналыстарды өткізу;
- дебат клубының іс-шараларын өткізу;
- дебат клубының портфолиосын құру (аудио, видео және фото материалдар);
- әр түрлі іс-шараларда, оның ішінде басқа ұйымдар өткізетін дебат клубының тұсаукесері;
- дебаттық клубының қызметі туралы ақпарат;
- жинақталған жұмыс тәжірибесін қорыту;
- ерекшеліктері мен дәстүрлерін ескере отырып, дебаттың жалпы принциптеріне негізделген ойын форматтарын дамыту;
- турнирлерді өткізу кезінде ойыншылардың сөйлеу тәртібі мен ережелерін анықтау;



дебат клубының үздік мүшелерін көтермелеу туралы мектеп директорына ұсыныстар дайындау;

клубтармен, студиялармен және зияткерлік-сауық бейініндегі қауымдастықтарымен өзара әрекеттесу;

дебат клубының қызметі туралы ағымдағы және жылдық ақпаратты дайындау.

25. Дебат клубының бас төрешісінің міндеттері:  
тренингтерді өткізу үшін тақырыптарды таңдау;  
іскерлік ойындарды өткізу үшін тақырыптарды таңдау;  
дебат клубы өткізетін барлық жарыстарда төрешілік ұйымдастыру және өткізу.

26. Дебат клубына мүшелік. Дебат клубына кіру дебат қозғалысының идеяларын өз еркімен қабылдайтын білім беру ұйымдарының барлық білім алушылары мен педагогтері үшін ерікті болып табылады.

27. Дебат клубының мүшесі болу үшін Клубтың Президентіне Клубқа қосылуға өтініш жазып, тиісті шешім Клубтың жалпы жиналысында қабылданады.

28. Пікірсайыстарға, турнирлерге, форумдарға қатысу үшін дебат клубының мүшелері топ болып бірлеседі.

29. Дебат клубына мүшелікті клуб президентінің атына өтініш беру арқылы немесе клуб қызметіне бір жыл ішінде нақты қатыспауына байланысты өз қалауы бойынша тоқтатуға болады.

30. Дебат клубының әрбір мүшесі:  
дебат клубының мүшелері шешуші дауыс беру құқығы бар жалпы жиналыстарға қатысуға;

дебат клубының кез келген іс-шараларына қатысуға;  
білім беру ұйымы басшысының келісімі бойынша әртүрлі пікірсайыс турнирлерінде дебат клубын ұсынуға;

дебат клубының қызметі туралы ұсыныстар енгізу, оларды талқылауға және іске асыруға қатысуға;

дебат клубының қызметі туралы ақпарат алуға;

дебат клубының мүшелігінен ерікті түрде шығуға;

дебат клубының үйлестіру органдарына сайлауға және сайлануға құқылы.

31. Дебат клубының әрбір мүшесі мынаны сақтауға міндетті:

осы Ережені;

Дебат клубының және оның мүшелерінің қызметін реттейтін басқа да ережелерді;

Дебат клубының басқа мүшелерін құрметтеуге;

Дебат клубының жұмысына белсенді қатысуға, іс-шараларды жоспарлауға және өткізуге;

Дебат клубы мүшелерінің жалпы жиналысының барлық шешімдерін орындауға;

Дебат клубы мүшелерінің кездесулеріне уақтылы қатысуға;



осы Ережелерді бұзатын әрекеттер, ұжымдық қатынастардың этикасы, сондай-ақ Клубқа моральдық немесе материалдық зиян келтіретін әрекеттер жасауға болмайды.

32. Дебат клубтарының қызметін басқару. Дебат клубтарын басқарушы орган – өңірдегі дебат клубының қызметін үйлестіру мақсатында облыстық (қалалық, аудандық бөлімдер) білім басқармалары құрған өңірлік дебат клубы болып табылады.

33. Жергілікті атқарушы органдар, білім беру ұйымдары өңірлік кезеңдерді өткізуді ұйымдастырушылар болып табылады.

34. Өңірлік дебат клубының міндеттері:

өңірдегі Дебат клубтарының мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру мәселелерін шешу;

Дебат клубтарының заңды түрде жұмыс істеуін бақылау, сондай-ақ пікірсайыстар мен негізгі ережелердің негізгі принциптерін сақтау;

Дебат клубтарының тиімділігін арттыру бойынша қажетті шараларды әзірлеу; өңірлік ойындар, турнирлер үшін тақырыптарды таңдау және бекіту;

Дебат клубтары үшін өткізілетін барлық жарыстарда төрешілікті ұйымдастыру және өткізу;

білім мен дағдыларды алмасу жүйесін құру жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

өңірлік турнирлерді, ойындарды өткізу туралы сұрақтарды шешу;

жергілікті атқарушы және өкілдік органдарға дебаттық турнирлерді өткізуді және оған қатысуды қаржыландыру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

облыстық, республикалық және халықаралық турнирлерге дебат клубтарының командаларын дайындау және ұсыну.



## **№39 “Қызылөзек ” орта мектебінде “Ақиқат жаршысы”дебат клубының 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстары**

Дебат - сөз додасы -білім беру бағдарламасы білімнің гуманитарлық жүйесін нақты көздейтін жаңа әдістемені қолдануға негізделген инновациялық бағдарлама болып табылады Оқушылар мен оқытушыларды да пікір-сайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделген.

Пікір сайыстың мақсаты- оқушыларды жан жағынан сын көзбен қарап,орын алып жатқан құбылыстарға өзіндік баға беруге,отбасы және айналасындағы адамдармен ,еркін қарым-қатынас орнатып, жалпы қоғам өміріне белсенді араласуға тарту.

Мектебімізде «Ақиқат жаршысы » дебат клубы 2018 жылдан бері жұмыс атқарып келеді. Дебаттың ұйымдастыру жетекші-Тусипбаева Фариза Толеубайқызы.

Жалпы білім беру ұйымдарының 8-11 сынып оқушылары арасында өткен аймақтық Ұлттық пікірсайыс турнирінде «Эверест» фракциясы Алғыс хатмен марапатталған болатын. Жастар қатарынан шешендік шеберлігі бар,өзінің көзқарасын сауатты және нақты қорғай алатын жас көшбасшыларды іздеу және оларға қолдау көрсету,нақты мәселелерді шешу,жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру ,патриотизмді дамыту жұмыстарын кеңінен насихаттау мақсатында Мектебімізде «Білімді ұрпақ –келешек кепілі » атты аймақтық пікірсайыс турнирі ұйымдастырылып өтті.

Сонымен қатар мектебімізде түрлі тақырыптарда дебат ойындары өткізіліп отырады. Атап айтсақ . «Біріңғай мектеп формасын енгізу керек», Алаш зиялыларының мұрасы және Тәуелсіз Қазақстан құндылықтары, «Көзқарас,Жаңа достық,Жаңа мүмкіндіктер,Жарқын болашақ» т.б тақырыптарда дебат сайыстары өткізілді.

А.Хангелдин атындағы №179 орта мектебінің 85 жылдық мерей тойына арналған “Мектеп тарих толқынында” атты ауыл мектептерінің оқушылары арасында өткен Ұлттық пікірсайыс турнирінде I орын “Эверест” фракциясы Жетекшісі: Тусипбаева Фариза

Жалпы орта білім беру ұйымдарының 8-11 сынып оқушылары арасында қала әкімінің кубогі үшін “Қызылорда Debat Cup -2023” тақырыбында өткен Ұлттық пікірсайыс турнирінің аймақтық кезеңінде «Риторика » фракциясы III орын .Жетекшісі: Тусипбаева Фариза



**«Ақиқат жаршысы» дебат клубының жұмыс жоспары**

| <b>№</b> | <b>Іс-шараның атауы</b>  | <b>Өтетін уақыты</b> | <b>Аяқталу нысаны</b>                     | <b>Жауапты</b> |
|----------|--|----------------------|---|----------------|
| 1        | 2022-2023 оқу жылының жоспарын құрып, клуб құрамын бекіту  | Қыркүйек             | Жоспар бекіту                             | Тусипбаева Ф   |
| 2        | Мектеп оқушылары арасында «Пікірсайыс қағидаттары. Тарихы мен форматтар жүйесі» тақырыпта клубішілік семинар-тренинг өткізу  | Қыркүйек             | Ойын ережесімен таныстыру                 | Тусипбаева Ф   |
| 3        | Жаңадан клуб қатарына қабылданған оқушыларға арналған «Көзқарас: жаңа достық, жаңа мүмкіндіктер, жарқын болашақ» атты алғашқы пікірсайыс ойындарын өткізу.<br>Форматы: АПФ | Қазан                | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф   |
| 4        | «А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл» толуына орай мұғалімдер арасында мектепшілік дебат өткізу<br>Форматы: АПФ   | Қазан                | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф   |
| 5        | «Табиғат-адам - қоғам» тақырыбында 8-11 сынып оқушылары арасында   | Қараша               | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф   |



|    |  |           |   |              |
|----|--|-----------|---|--------------|
|    | мектепішілік дебат<br>өткізу<br>Форматы: АПФ   |           |   |              |
| 6  | «Адамның басты<br>құндылықтары»<br>тақырыбында 9-11<br>сынып оқушылары<br>арасында<br>мектепішілік дебат<br>өткізу<br>Форматы: АПФ | Желтоқсан | Ақпаратты<br>әлеуметтік<br>желіге , БАҚ<br>жариялау | Тусипбаева Ф |
| 7  | 16 желтоқсан<br>Тәуелсіздік күні<br>қарсаңында жас<br>мұғалімдер арасында<br>мектепішілік дебат<br>өткізу<br>Форматы: БПФ          | Желтоқсан | Ақпаратты<br>әлеуметтік<br>желіге , БАҚ<br>жариялау | Тусипбаева Ф |
| 8  | «XXI ғасыр техника<br>ғасыры»<br>тақырыбында 9-11<br>сынып оқушылар<br>арасында<br>мектепішілік дебат<br>өткізу.<br>Форматы: АПФ   | Қаңтар    | Ақпаратты<br>әлеуметтік<br>желіге , БАҚ<br>жариялау | Тусипбаева Ф |
| 9  | «Сен патриотсың ба?»<br>тақырыбында 5-7<br>сынып оқушылар<br>арасында<br>мектепішілік дебат<br>өткізу.<br>Форматы: АПФ             | Ақпан     | Ақпаратты<br>әлеуметтік<br>желіге , БАҚ<br>жариялау | Тусипбаева Ф |
| 10 | 9-11 сынып<br>оқушылар арасында<br>«Жыл<br>пікірсайысшысы»<br>байқауын өткізу  | Наурыз    | Ақпаратты<br>әлеуметтік<br>желіге , БАҚ<br>жариялау | Тусипбаева Ф |



|    |   |        |  |              |
|----|---|--------|--|--------------|
| 11 | «Р.Бағлановнаның туганына 100 жыл» толуына орай мұғалімдер арасында мектепшілік дебат өткізу<br>Форматы: АПФ                          | Наурыз | Ақпаратты әлеуметтік желіге , БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф |
| 12 | 1 сәуір Күлкі күніне орай «Күлкілі күлкі» атты фандебат өткізу  | Сәуір  | Ақпаратты әлеуметтік желіге , БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф |
| 13 | 7 мамыр Отан қорғаушылар мерекесіне орай 9-11 сынып ер балалары арасында «Ерлік кубогі» пікірсайыс ойынын ұйымдастыру<br>Форматы: АПФ | Мамыр  | Ақпаратты әлеуметтік желіге , БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф |
| 14 | « Пікірталаспен мәңгілікке атты 2022-2023 оқу жылын қорытындылау кешін өткізу.»   | Мамыр  | Ақпаратты әлеуметтік желіге , БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф |

«Ақиқат жаршысы» дебат

клубының жетекшісі:

Ф.Тусипбаева



|    |   |        |  |              |
|----|---|--------|--|--------------|
| 8  | «XXI ғасыр техника ғасыры» тақырыбында 9-11 сынып оқушылар арасында мектепішілік дебат өткізу.<br>Форматы: АПФ                        | Қаңтар | Ақпаратты әлеуметтік желіге , БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф |
| 9  | «Сен патриотсың ба? » тақырыбында 5-7 сынып оқушылар арасында мектепішілік дебат өткізу.<br>Форматы: АПФ                              | Ақпан  | Ақпаратты әлеуметтік желіге , БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф |
| 10 | 9-11 сынып оқушылар арасында «Жыл пікірсайысшысы» байқауын өткізу   | Наурыз | Ақпаратты әлеуметтік желіге , БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф |
| 11 | «Р.Бағлановнаның туғанына 100 жыл» толуына орай мұғалімдер арасында мектепішілік дебат өткізу<br>Форматы: АПФ                         | Наурыз | Ақпаратты әлеуметтік желіге , БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф |
| 12 | 1 сәуір Күлкі күніне орай «Күлкілі күлкі» атты фандебат өткізу  | Сәуір  | Ақпаратты әлеуметтік желіге , БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф |
| 13 | 7 мамыр Отан қорғаушылар мерекесіне орай 9-11 сынып ер-балалары арасында «Ерлік кубогі» пікірсайыс ойынын ұйымдастыру<br>Форматы: АПФ | Мамыр  | Ақпаратты әлеуметтік желіге , БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф |
| 14 | « Пікірталаспен мәңгілікке атты 2022-2023 оқу жылын қорытындылау кешін өткізу.»   | Мамыр  | Ақпаратты әлеуметтік желіге , БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф |

«Ақиқат жаршысы» дебат

клубының жетекшісі:

Ф.Тусипбаева



«БЕКІТЕМІН»  
Мектеп директоры  
Ж.Байжанов  
2023 жыл " \_\_\_\_\_ " тамыз

**« Ақиқат жаршысы»  
дебат клубының жұмыс жоспары**

**2023 - 2024 оқу жыл**



**«Ақиқат Жаршысы» дебат клубының атқаратын жұмыс жоспары**  
**/2022-2023 оқу жылы/**

| №  | Тақырыбы  | Мазмұны   | Түрі                  | Мерзімі    | Жауаптылар   |
|----|---|---|-----------------------|------------|--|
| 1  | Дебат клубының отырысы                              | Жылдық жоспарды талқылау  | Іс-шара               | Қыркүйек   | Ақиқат жаршысы дебат клубы мүшелері                          |
| 2  | Дөңгелек үстел                                      | «БП Мектеп оқушылары үшін «Үш тұғырлы» саясаты тиімді»            | Тренинг               | Қазан      | Ақиқат жаршысы дебат клубы мүшелері<br>Қазақ тілі бірлестігі |
| 3  | Шын мықтыға шаршы алаңда тұсау жоқ                  | Қалалық, облыстық, аймақтық дебат турнирлеріне қатысу             | Сайыс                 | Мерзімінде | Ақиқат жаршысы дебат клубы мүшелері                          |
| 4  | Өркениетті ел болашағы –білім мен еңбекте           | Мектепішілік клуб мүшелері арасында дебат өткізу                  | Интеллектуалдық сайыс | Желтоқсан  | Ақиқат жаршысы дебат клубы мүшелері                          |
| 5  | «Кітап оқыған тиімді ме, әлде ғаламтор» пайдалы ма? | Мектепішілік клуб мүшелері арасында дебат өткізу                  | Сайыс                 | Қаңтар     | Ақиқат жаршысы дебат клубы мүшелері                          |
| 6  | Кітап сыйла акциясы                                 | Мектепішілік клуб мүшелері арасында кітап сыйлау акциясы          | Кітап сыйлау шарасы   | Мерзімінде | Ақиқат жаршысы дебат клубы мүшелері                          |
| 7  | Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты                 | Мектепішілік клуб мүшелерімен спорттық марафон ұйымдастыру        | Марафон               | Наурыз     | Ақиқат жаршысы дебат клубы мүшелері                          |
| 8  | Шылым шегу сән бе?                                  | Мектепішілік клуб мүшелері арасында дебат өткізу                  | Сайыс                 | Наурыз     | Ақиқат жаршысы дебат клубы мүшелері                          |
| 9  | Қандай кітап оқып жүрсіз?                           | Мектепішілік клуб мүшелері арасында кітап оқу , челленджін өткізу | Челлендж              | Сәуір      | Ақиқат жаршысы дебат клубы мүшелері                          |
| 11 | Дебат клубының жетістіктері мен кемшіліктері        | Мектепішілік клуб мүшелері арасында отырыс                        | Іс-шара               | Мамыр      | Ақиқат жаршысы дебат клубы мүшелері                          |

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары



С.Қоқыбасов



## Хаттама №1

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 2022 жылдың 15 – қыркүйек күні «Ақиқат Жаршысы» дебат клубы мүшелерінің отырысы болып өтті.

Қатысуы тиіс: 11

Қатысқаны: 11

### Күн тәртібінде:

1. 2022 – 2023 оқу жылындағы «Ақиқат Жаршысы» дебат клубының жұмыс жоспарын бекіту
2. «Ақиқат Жаршысы» дебат клубының мүшелерін нақтылап, бекіту
3. «Ақиқат Жаршысы» дебат клубы жетекшісін сайлау.

### Тыңдалды: .

1 – мәселе бойынша 2022 – 2023 оқу жылындағы «Ақиқат Жаршысы» дебат клубының жұмыс жоспарын бекіту туралы сөз алған мектебіміздің «Ақиқат Жаршысы» дебат клубының жұмыстарына жауапты тарих пәнінің мұғалімі Д.Ахметқалиев биылғы 2022 – 2023 оқу жылындағы жүргізілетін жұмыстардың жоспарларымен таныстырды.

2 - мәселе бойынша «Ақиқат Жаршысы» дебат клубының мүшелерінің тізіміндегі оқушыларды таныстырып өтті. Олар:

1. Әбдікәрім Дана
2. Баймахан Еңлік
3. Қанатбек Назар
4. Шайзада Мейіржан
5. Исатай Нұрислам
6. Мырзабекова Ақбота
7. Жиенбай Саят
8. Қуаныш Ақниет
9. Кеңес Нұрай
10. Қуаныш Ақжанат

3 – мәселе бойынша «Ақиқат Жаршысы» дебат клубының жетекшісі етіп Баймахан Еңлікті бір ауыздан келісіп сайлады.

### Қаулы етті:

1. Дебат клубы жұмыстары жоспарға сай жүйелі жүргізілсін.
2. Жоспарға сай клуб мүшелеріне тапсырмаларды ұйымдастыру нақтылансын.

«Ақиқат Жаршысы» дебат  
клубының жетекшісі:  
Хатшысы:



Баймахан Еңлік  
Қуаныш Ақжанат



## АНЫҚТАМА

Дебат —бұл белгілі бір ережелерге сәйкес өткізілетін арнайы пікірталас нысаны, интеллектуалды ойын. 2023-2024 оқу жылының 29 қазан күні мектебімізде "Ақиқат жаршысы" дебат клубының және мектеп парламентінің ұйымдастыруымен "Көзқарас: жаңа достық, жаңа мүмкіндіктер, жарқын болашақ" атты пікірсайыс ойындары өткізілді. Мектебімізден пікірсайысқа "Еверест" және "Тас түйін" фракциялары қатысты. 1 қарар тақырыбы: Б.П Отбасылық шешімдер қабылдауда балалар өз пікірін білдіру керек д.е

2 қарар. Цифрлық сауаттылықты арттыруда ең үздік механизмдерді көрсетеді. Ойын қорытындысы бойынша екі фракцияда тең дәрежеде болды. Ойын тартысты өтті.



Дебат жетекшісі:

*Ф.Тусипбаева*

Ф.Тусипбаева



### Анықтама

2022 жылдың 21 қаңтар күні №39 «Қызылөзек» орта мектебінде тарих пәні мұғалімі Д. Ахметкалиевтың ұйымдастыруымен «Ақиқатжаршысы» дебат клубының мүшелері арасында мектепішілік турнир өткізілді. Турнирге 9-10 сыныптарарасынан «Эверест», «Ньютон», «Еділ мен Жайық» фракциялары қатысып, өзара мықтыны анықтады. Дебат төмендегі тақырыптар бойынша өтті.

- Б.п. Пандемия кезінде вакцинациялау орынды д.е
- Б.П. Ата аналардың өз балаларының әлеуметтік желідегі парақшаларына кіру мүмкіндігі болуы керек д.е.
- Б.П. Жүктілік кезінде зиянды заттар тұтынған әйелдерді қылмыстық жауапкершілікке тарту керек д.е

Турнир барысында топтар жақсы дайындығы мен сөйлеу мәнерін көрсете білді. «Эверест» фракциясынан Әбдікәрім Дана үздік спикер атанды.

#39\_Қызылөзек\_орта\_мектебі #39мектеп #mektep39  
#bilimkzo #ankqzo #bilimqzo





## АНЫҚТАМА

Дебат —бұл белгілі бір ережелерге сәйкес өткізілетін арнайы пікірталас нысаны, интеллектуалды ойын. 2023-2024 оқу жылының 31 қазан күні мектебімізде "Ақиқат жаршысы" дебат клубының және мектеп парламентінің ұйымдастыруымен балалардың күзгі демалыстағы уақыттарын тиімді пайдалану, білім алушылардың белсенді азаматтық ұстанымдарын қалыптастыру мақсатында

Ш. Құдайбердіұлының туғанына 165жыл толуына орай мектебімізде пікірсайыс ойындары өткізілді. Мектебімізден пікірсайысқа 8—9 сыныптардан "Эверест" және "Риторика" фракциялары қатысты. 1 қарар тақырыбы: Б.П Білім беру жүйесі ең үздік мемлекетті көрсетеді

2 қарар.Б.П Компьютерлік қауіпті ойындарға тыйым салу керек д.е. Ойын қорытындысы бойынша "Риторика" фракциясы жеңіске жетті.Ойын қызықты және тартысты өтті.Ойыншыларға алдағы болатын аймақтық, қалалық ойындарда белсенділік танытуға шақырды.



Дебат жетекшісі:

*Ф.Тусипбаева*

Ф.Тусипбаева



### Анықтама


2021 жылдың 1 ақпан күні №39 Қызылөзек орта мектебінің жанынан құрылған "Ақиқат Жаршысы" пікірсайыс клубының ашылу салтанаты өтті. Пікірсайыс клубының жетекшісі тарих пәні мұғалімі - Д. Ахметқалиев.

Ресми ашылу салтанатына мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Қоқыбасов және тарих пәні мұғалімі Б. Қайырбеков қатысып, оқушыларды дебат клубының ашылуымен құттықтап, алдағы сайыстарға сәттілік тілеп, лента кию рәсімін өткізді. Ашылу салтанатынан кейін 9-10 сынып оқушылары өзара бір сайыс өткізіп, пікірсайыс алаңын қыздыра түсті.

#39\_Қызылөзекортамектебі #39мектеп #mektep39

#bilimkzo #ankqzo #bilimqzo

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=256872965808392&id=100044570716415](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=256872965808392&id=100044570716415)





## АНЫҚТАМА

2023-2024 оқу жылының 22 қаңтар күні 39 "Қызылөзек" орта мектебінде мұғалімдер арасында ауыл мектептерінің арасында "Білімдінің сөзі -ем,мейірімі көп,өзі кең! тақырыбында қалалық (дебет) пікірталас турнирі өтті.Турнирге 7 мектептен 7 фракция катысты.Жарыс соңында жүлделі 1 орын 144 орта мектебінен келген "Цицерон" фракциясы иеленсе.

2 орын 268 "Аттила"фракциясы иеленді.

3 орынды 145 мектеп " Ақиқат"

3 орынды 39 мектептің "Жас ұрпақ" фракциялары жеңіске жетті. Үздік спикер 218 мектептің мұғалімі Қартаңбаева Райкүл апай иеленді.

Дебат жетекшісі:



Ф.Тусипбаева



## Анықтама

Бүгін 1 маусым – халықаралық балаларды қорғау күніне орай №39 "Қызылөзек" орта мектебінің "Ақиқат" пікірсайыс клубының мүшелері балалар құқығының қорғалуы жайлы клубішілік дебат өткізді. Пікірсайысқа клубтың "Шерлок Холмс пен Доктор Ватсон" және "Еділ мен Жайық" фракциясы қатысты. Спикерлер өз шеберлігімен көзге түсіп, ұтымды ой айта білді. Нәтижесінде "Шерлок Холмс пен Доктор Ватсон" фракциясы жеңіске жетіп, мүшесі Мусабекова Әсел үздік спикер атанды.

#39\_Қызылөзек\_орта\_мектебі #39мектеп #mekter39 #bilimkzo #ankqzo #bilimqzo





«Ақиқат жаршысы» дебат клубының жұмыс жоспары

| № | Іс-шараның атауы   | Өтетін уақыты | Аяқталу нысаны                            | Жауапты      |
|---|--|---------------|---|--------------|
| 1 | 2022-2023 оқу жылының жоспарын құрып, клуб құрамын бекіту  | Қыркүйек      | Жоспар бекіту                             | Тусипбаева Ф |
| 2 | Мектеп оқушылары арасында «Пікірсайыс қағидаттары. Тарихы мен форматтар жүйесі» тақырыпта клубішілік семинар-тренинг өткізу  | Қыркүйек      | Ойын ережесімен таныстыру                 | Тусипбаева Ф |
| 3 | Жаңадан клуб қатарына қабылданған оқушыларға арналған «Көзқарас: жаңа достық, жаңа мүмкіндіктер, жарқын болашақ» атты алғашқы пікірсайыс ойындарын өткізу.<br>Форматы: АПФ | Қазан         | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф |
| 4 | «А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл» толуына орай мұғалімдер арасында мектепшілік дебат өткізу<br>Форматы: АПФ   | Қазан         | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф |
| 5 | «Табиғат-адам - қоғам» тақырыбында 8-11 сынып оқушылары арасында мектепшілік дебат өткізу<br>Форматы: АПФ  | Қараша        | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф |
| 6 | «Адамның басты құндылықтары» тақырыбында 9-11 сынып оқушылары арасында мектепшілік дебат өткізу<br>Форматы: АПФ  | Желтоқсан     | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф |
| 7 | 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні қарсаңында жас мұғалімдер арасында мектепшілік дебат өткізу<br>Форматы: БПФ  | Желтоқсан     | Ақпаратты әлеуметтік желіге, БАҚ жариялау | Тусипбаева Ф |



## АНЫҚТАМА

2023-2024 оқу жылының 30 қаңтар күні №39 «Қызылөзек» орта мектебінде «Мамандық таңдау- маңызды іс» тақырыбында мектепішілік іс- шара жоспары аясында 5б сынып оқушыларымен «Мәртебелі мамандық» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: мамандықтар әлемімен танысу, психологиялық қолдау көрсету, қарым-қатынасты жақсарту. Мамандықты дұрыс таңдау- ол өмір жолының сәттілігінің негізі. Тренинг барысында оқушылар «Кім болам?» тақырыбында эссе жазып, түрлі мамандықтармен танысып, «Танысу» ойыны ойнатылды. «Ең жақсы» жаттығуы жасалынды. Мамандықтар ағашына балалар өздерінің болашақта қандай маман иесі болатындарын жазып ілді. «Өмірде өз мақсаттарымызға жету үшін қабілетімізге қарай мамандықты таңдай білейік!»



Дебат жетекшісі:

*Ф.Тусипбаева*

Ф.Тусипбаева



## Анықтама

"Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз"- деп Қасым-Жомарт Тоқаев, жас ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасау қажеттілігіне тоқтала келе, 2022 жыл - "Балалар жылы" деп жариялады. Осы орайда, 2022 жылдың 12-сәуір күні «Еліміздің ертені - білімді ұрпақ» атты №39 «Қызылөзек» орта мектебі оқушылары «Қызылөзек» ауылдық округінің әкімі Әбдіжаппар Сәкен Нысанұлымен кездесеуіне арналған ашық есік күні өткізілді. Кездесу барысында домбыра үйірмесі мүшелерінің ұйымдастыруымен халық күйі «Кенес күйі» орындалды. Оқушылармен түрлі дебат клубы, оқушылардың ғылыми қоғамы, «Оқуға құштар мектеп» пен «Мектеп театры» жобалары жұмыстарымен танысты. Солардың бірі «Ақиқат жаршысы» жобасының дебат клубы жұмыстарында балалар өздерінде бар білімді қолдану арқылы сауаттылығын арттырып, өзін-өзі жетілдіре түсіп, «Бала құқығын қорғау мәселелеріне қатысты» өз ойларымен бөлісті.





№39 "Қызылөзек орта мектебінің" директоры  
Ж.Байжанов  
«10» қаңтар 2023 ж



**Жалпы білім беру ұйымдарының 8-9-10 -11 сынып оқушылары арасында  
«Білімді ұрпақ-келешек кепілі» тақырыбында аймақтық пікірсайыс  
(дебат) турнирінің**

**Ережесі**

**Өтетін уақыты:** 25 қаңтар 2023 жыл, сағат 09.00

**Өтетін орны, мекен-жайы:** Қараөзек ауылы, №39 "Қызылөзек орта мектебі"

**Өткізілу форматы:** оффлайн

**I. Жалпы ережелер**

- Пікірсайыс (дебат) турнирін өткізу ережелері Турнирдің мақсатын, міндеттерін, өткізу тәртібін реттейді.

**II. Турнирдің мақсаты:**

- Оқушылардың пікірін жеткізуге үйрете отырып, бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- Жастардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Сыни ойлауды дамыта отырып, көшбасшылық қасиеттерін жетілдіру.

**III. Турнирге қатысушылар:**

- 8-9-10-11 сынып оқушылары
- I фракция (топ)- 2 адам болу міндетті (аралас 8-9-10-11 сынып оқушылары)
- Турнир АПФ форматы бойынша өтеді
- 8-9-10-11 сынып оқушыларынан құралған 2 фракция қатысуы тиіс

**IV. Турнирдің өткізілу барысы:**

- Турнир 2023 жылы 25 қаңтар күні сағат 09:00 -де оффлайн форматында басталады.
- Турнир 3 кезеңнен тұрады.
- I кезең – іріктеу: АПФ форматы бойынша 3 ойын фракцияларды іріктеу туры
- II кезең- финалдық кезең: АПФ форматы бойынша 1/2 ; финал ойындары;
- III кезең- қорытынды кезең: АПФ форматы бойынша жеңімпаздарды анықтау, қатысушыларды марапаттау;



## Ү. Турнир қарарлары

- 1.Б.П. Мамандық таңдау-табысты өмірдің кілті д.е
- 2.Б.П. Ауылда тұрудың болашағы бар д.е
- 3.Б.П. Интернет кітапты алмастыра алады д.е
- 4.Б.П. Қазақ спортын дамытуда өз спортшыларымызбен жетістікке жете аламыз д.е
- 5.Б.П. Қазіргі қазақ жастарының сөйлеу мәдениеті жоғары д.е
- 6.Б.П. Жеке тұлғаны қалыптастыруда жастардың өз талаптары бар д.е

## ҮІ. Қатысушыларға қойылатын талаптар:

- Қатысушыларға мектеп форма үлгідегі киімде болуы тиіс;
- АПФ форматын білу міндетті;
- Тақырыптар бойынша жан-жақты ізденуге міндетті;

## ҮІІ. Ұйымдастырушылардың құқықтары:

- Қатысушылар жоғарыда көрсетілген ережелер мен талаптарға сәйкес келмеген жағдайда турнирге қатыстырмауға құқылы;
- Турнир барысында қатысушылар мен төреші арасында қандайда бір кикілжің туындаған немесе шығарылған шешімге келіспеген жағдайда соңғы шешімді турнирдің бас төрешісі қабылдайды;

## ҮІІІ. Турнир қорытындысы:

Турнир жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II, III дәрежелі арнайы дипломдар және «Үздік спикер», «Үздік төреші», «Ең білімді ойыншы» номинациялармен марапатталады.

## ІХ. Ұйымдастыру құжаттарды ұсыну тәртібі

Пікірсайысқа (дебат) қатысушы фракция мүшелерінің сұраныстары 2023жылдың 16 қаңтарына дейін [39mektep@mail.ru](mailto:39mektep@mail.ru) электронды поштаға қабылданады. Ақпарат бойынша WhatsApp желісі бойынша 87079626768, 87711312691 нөмірлеріне хабарласуға болады.

Сұраныс үлгісі

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Оқушының аты-жөні | Мектебі, сыныбы | Байланыс телефоны |
|---|---------------------|-------------------|-----------------|-------------------|
|   |                     |                   |                 |                   |



Бекітемін   
Мектеп директоры  
Ж.Байжанов  
31.10.2023жыл



**№ 39 «Қызылөзек» орта мектебінде күзгі демалыс уақытында  
дебат жобасы аясында мұғалімдермен  
"Жүзден жүйрік" интеллектуалдық сайысы өткізіледі**

**Өтетін уақыты:** 1 қараша сағат 10:00 де

**Орны:** АКТ зал

**Мақсаты:** Мұғалімдердің интеллектуалды қабілеттерін шыңдау,  
шығармашылық потенциалын арттыру, жаңашылдыққа, ізденіске тарту;

**Сайыстың ережесі:** Жарыста әр пән бірлестіктерінен 3-4 мұғалім  
қатысуы шарт

Командаларды айқындайтын бірдей түсте форма кие де болады  
Ойын барысында әр түрлі саладан сұрақ—жауап қойылады.

**Ойын бөлімдері:**

**1бөлім:** «Даналық сөзден дән ізде.» Шешендік сөздер, ақын-  
жазушылардың шығармаларынан, өлеңдерінен сұрақтар қойылады.

**2 бөлім.** «Жылдар сөйлейді» Тәуелсіздік алғаннан бергі оқиғалар мен  
жаңалықтарға шолу.

**3 бөлім.** «Екі сурет бір кітап». Кітаптың атын табу.

**4 бөлім.** «Сұрақ—жауап» Әр түрлі, саладан сұрақтар ( кино, футбол,  
театр, мәдениет, ән-музыка т.б)

**5бөлім** "Қызық екен..." қызықты сұрақтарға жауап беру.

**Қорытынды.** Қатысқан командаларды марапаттау.

**Шараның өтілуіне жауапты мамандар:** Тәрбие ісі жөніндегі  
орынбасар С.Қоқыбасов, дебат жобасының жетекшісі -Ф.Тусипбаева



«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА  
ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
«№39 «ҚЫЗЫЛӨЗЕК» ОРТА МЕКТЕБІ»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА №39  
«ҚЫЗЫЛӨЗЕК» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ  
ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ  
ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120004, Кызылорда қаласы, Қараөзек ауылы,  
Есентұр Дауғбаев көшесі, ғимарет 2;  
тел./факс: 8 (7242) 21-73-70, e-mail: mektep39@mail.ru

11.01.2023г № 06

120004, город Кызылорда, село Караозек,  
улица Есентур Даугбаев, здание 2;  
тел./факс: 8 (7242) 21-73-70, e-mail: mektep39@mail.ru

Құрметті Бекжан Біртайұлы!

Сізден, №39 Қызылөзек орта мектебінде 2023 жылдың 25 қаңтар күні өтетін жалпы білім беру ұйымдарының 8-9-10 -11 сынып оқушылары арасында «**Білімді ұрпақ-келешек кепілі**» тақырыбында аймақтық пікірсайыс (дебат) турнирін өткізуге ықпал етуіңізді сұрайды.

№39 Қызылөзек орта мектебінің директоры:  Ж.Байжанов



Орындаған: Ф.Тусипбаева  
Ұялы: 8-771-131-26-91



«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА  
ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
«№39 «ҚЫЗЫЛӨЗЕК» ОРТА МЕКТЕБІ»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА №39  
«ҚЫЗЫЛӨЗЕК» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ  
ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ  
ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120004, Қызылорда қаласы, Қараөзек ауылы,  
Есенгүр Дауғбаев көшесі, ғимарат 2;  
тел./факс: 8 (7242) 21-73-70, e-mail: mektep39@mail.ru

*11.01.2023г № 07*

120004, город Кызылорда, село Караозек,  
улица Есенгүр Даугбаев, здание 2;  
тел./факс: 8 (7242) 21-73-70, e-mail: mektep39@mail.ru

Құрметті Шолпан Алиасқарқызы!

Сізден, №39 Қызылөзек орта мектебінде 2023 жылдың 25 қаңтар күні өтетін жалпы білім беру ұйымдарының 8-9-10 -11 сынып оқушылары арасында «Білімді ұрпақ-келешек кепілі» тақырыбында аймақтық пікірсайыс (дебат) турнирін өткізуге ықпал етуіңізді сұрайды.

№39 Қызылөзек орта мектебінің директоры: *Ж.Байжанов* Ж.Байжанов



Орындаған: Ф.Тусипбаева  
Ұялы: 8-771-131-26-91



«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА  
ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
«№39 «ҚЫЗЫЛӨЗЕК» ОРТА МЕКТЕБІ»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА №39  
«КЫЗЫЛӨЗЕК» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ  
ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ  
ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120004, Қызылорда қаласы, Қараөзек ауылы,  
Есенгүр Дауғбаев көшесі, ғимарет 2;  
тел./факс: 8 (7242) 21-73-70, e-mail: mektep39@mail.ru

Н. О. Козыбаев № 05

120004, город Кызылорда, село Караозек,  
улица Есенгүр Даутбаев, здание 2;  
тел./факс: 8 (7242) 21-73-70, e-mail: mektep39@mail.ru

**Құрметті Динарида Есіркепқызы!**

Сізден, №39 Қызылөзек орта мектебінде 2023 жылдың 25 қаңтар күні өтетін жалпы білім беру ұйымдарының 8-9-10 -11 сынып оқушылары арасында «**Білімді ұрпақ-келешек кепілі**» тақырыбында аймақтық пікірсайыс (дебат) турнирін өткізуге ықпал етуіңізді сұрайды.

**№39 Қызылөзек орта мектебінің директоры:**  **Ж.Байжанов**



Орындаған: Ф.Тусипбаева  
Ұялы: 8-771-131-26-91



Фирменный бланк шығару керек

№178 Шадибекова Динарида Есаркеновна  
№128 Мұстафаев Бекжан Біртайұлы  
№175 Алпысбаева Шолпан Алиаскаровна

Құрметті \_\_\_\_\_ !

Сізден, №39 Қызылөзек орта мектебінде 2023 жылдың 25 қаңтар күні өтетін жалпы білім беру ұйымдарының 8-9-10 -11 сынып оқушылары арасында «**Білімді ұрпақ-келешек кепілі**» тақырыбында аймақтық пікірсайыс (дебат) турнирін өткізуге ықпал етуіңізді сұрайды.

№39 Қызылөзек орта мектебінің директоры:

Ж.Байжанов